

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
АҚТОҒАЙ АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН АТЫНДАҒЫ
ТІРЕК МЕКТЕБІ (РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҚ)
ЖАНЫНДАҒЫ ИНТЕРНАТЫ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
УЧЕРЕЖДЕНИЯ «ИНТЕРНАТ ПРИ ОПОРНОЙ
ШКОЛЕ (РЕСУРСНЫЙ ЦЕНТР) ИМЕНИ
АЛИХАНА БОКЕЙХАНА» ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ АҚТОҒАЙСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ №29
«25» «08» 2023 ж.

ПРИКАЗ №29
«25» «08» 2023 г.

**2023-2024 оқу жылындағы
оқушыларды ыстық
тамақпен қамту туралы**

Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі Білім туралы заңына, ҚР Үкіметінің 2012ж 12 наурыздағы №320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оларды беру қағидаларын бекіту туралы» қаулысына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2020ж 10 желтоқсанындағы ХІV сессиясының №588 шешіміне, ҚР Білім және ғылым министрінің 2018ж 31 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік ұйымдарда, жетім балалармен ата анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2022ж 17 ақпанындағы № ҚР ДСМ-«қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитарлық эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына және білім басқармасының 2023 жылғы 3 тамыздағы №1 жұмыс тобының хаттамасына Ақтоғай ауданы білім бөлімінің 23.08.2023ж №137 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен 1-4 сынып білім алушыларын ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11-сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.
2. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты тағамдарды, сондай-ақ үлестерінің массасын граммен көрсете отырып құрылған біртекті ас мәзірі қолданылсын.
3. Тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет-ресурста «мектептік тамақтандыру» айдарында орналастыруды әлеуметтік педагог Ж.Калиеваға тапсырамын.

4. Мектеп оқушыларын сапалы тамақтандыруды ұйымдастыруды бақылау және мониторинг жүргізу мақсатында тамақ өнімдері мен дайын тамақтардың сапасын бағалау үшін төмендегі құрамда бракераж комиссиясы құрылсын:

Төрайымы-А.Мусина мектеп директорының м.а.
Кеңес мүшелері:

1. Д.Тұяқбай-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2. Г.Татикова-медбибі
3. Ж.Калиева-әлеуметтік педагог
4. А.Абдикаримова-кәсіподақ төрайымы
5. А.Жүнісбекова-ата-аналар кеңесінің төрайымы
6. А.Таукеева-қамқоршылық кеңесінің мүшесі.

5. Бұйрықтың орындалысына бақылау - басшылық жасауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директорының м.а.



Handwritten signature of A. Musina

А.Мусина

Бұйрықпен таныстырылды:

- 25.08 Д.Тұяқбай *[Signature]*
күні қолы
- 25.08 Г.Татикова *[Signature]*
күні қолы
- 25.08 Ж.Калиева *[Signature]*
күні қолы
- 25.08 А.Абдикаримова *[Signature]*
күні қолы
- 25.08 А.Жүнісбекова *[Signature]*
күні қолы
- 25.08 А.Таукеева *[Signature]*
күні қолы